



«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Э.А.Суханбердиева
« 19 » « 04 » 2017ж.

«Қазақ тілі» пәнінің Тест спецификациясы

1. **Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері ЖОО-да оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. **Міндеті:** Қысқартылған оқыту нысаны бойынша Жоғары білім берудегі «01 Білім», «04 Өнер», «05 Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» бағытының келесі мамандықтарына:

5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

5B042200-Баспа ісі

5B050400-Журналистика

түсу үшін Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының:

0102013-Қосымша білім беру педагогы

0102023-Ұйымдастырушы-педагог

0104023-Өндірістік оқыту шебері, техник-технолог (барлық аталымдар бойынша)

0105013-Бастауыш білім беру мұғалімі

0111013-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

0111023-Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі

0111033-Ұйғыр тілі мен әдебиеті мұғалімі

0111043-Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі

0111053-Өзін-өзі тану мұғалімі

0111083-Шетел тілі мұғалімі

0111103-Ағылшынша білімі бар өзін-өзі тану пәні мұғалімі

0402013-Дизайнер

0402022-Көркемдік-әсемдеу жұмыстарын орындаушы

1227012-Брошюралаушы

1227022-Түптеуші

1227032-Тегіс баспа баспагері

1227042-Түзетуші

1227052-Полиграфия өнеркәсібі ұйымдарының жабдықтарын монтаждаушы

1227062-Фото теру автоматтары мен жүйелерінің операторы

1227072-Электрондық теру және беттеу операторы

1227082-Электрондық түрлі түсті ажырату операторы

1227092-Кесуші

1227103-Техник-технолог

1227113-Жабдықтарды пайдалану және жөндеу технигі

бітірушілеріне арналған тест.

3. **Тест жоспары:** Тестке пәннің негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест 3 бөліктен тұрады.

Б1 бөлігі	бір дұрыс жауабы бар (1/5)	- 20 тапсырма,
Б2 бөлігі	бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б)	- 10 тапсырма,
Б3 бөлігі	жағдаяттық (бір дұрыс жауабы бар)	- 10 тапсырма.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (1) - 10тапсырма.

Екінші деңгей (2) - 20 тапсырма.

Үшінші деңгей (3) - 10тапсырма.

Тақырып Тема		Тақырыпша Подтема		Тапсырмалар саны Количество заданий
Код	Аты Наименование	Код	Аты Наименование	
1	Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі	1	Дыбыстардың жіктелуі	1
		2	Буын, екпін түрлері	2
		3	Үндестік заңы	1
		4	Қазақ әліпбиіндегі әріптер мен фонемалардың арақатынасы	1
		5	Орфография және орфоэпия	1
2	Лексика	1	Сөз мағынасы	1
		2	Қазақ тіліндегі актив және пассив лексика	1
		3	Қазақ тіліндегі синонимдік қатар. Антонимдер, омонимдер	1
		4	Ескірген сөздер Неологизмдер. Неологизмдердің пайда болу себептері	1
		5	Фразеологизмдер. Қазақ фразеологиясының негізгі шығу тегі. Қанатты сөздер, мақал-мәтелдер	2
3	Сөзжасам. Морфология	1	Сөздердің жасалу тәсілі	1
		2	Түбір және қосымша морфема	2
		3	Сөздердің түрлері	1
		4	Сөз таптары	1
		5	Есім сөздер	1
		6	Етістік, үстеу	1
		7	Одағай, шылау, еліктеу сөздер	1
4	Синтаксис	1	Сөз тіркесі, олардың түрлері	1
		2	Сөздердің байланысу тәсілдері, түрлері	2
		3	Сөйлем, оның құрамы.	1
		4	Сөйлем мүшелері	1
		5	Жай сөйлем	1
		6	Құрмалас сөйлем	2
5	Пунктуация	1	Тыныс белгі, оның түрлері	2
6	Жағдаяттық тапсырмалар: Өртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға)			2 жағдаятқа (1 дұрыс жауабы бар 5 тапсырмадан) 10 тапсырма
Тестінің бір нұсқасында тапсырмалар саны: Количество заданий в одном варианте теста:				40

4. Тест мазмұны: Қазақ тілінің салалары бойынша теориялық, практикалық білім деңгейлерін анықтау бағытында тілдің дыбыстық жүйесінен дыбыстардың жүйеленуі мен орфограммасын; буын мен екпіннің түрлерін, үндестік заңын, қазақ әліпбиіндегі әріптер мен фонемалардың арақатынасын, лексикадан сөз мағынасын, қазақ тіліндегі актив және пассив лексикасын, синоним, антоним, омоним, ескірген сөздер, неологизмдер, неологизмдердің пайда болу себептерін, фразеологизмдер, қазақ фразеологиясының негізгі шығу тегін, қанатты сөздер, мақал-мәтелдерін, морфологиядан сөздердің жасалу

тәсілін, түбір және қосымша морфема, сөздердің түрлері, сөз таптарының лексика-грамматикалық сипатын, синтаксистен сөз тіркесі, олардың түрлері, сөз байланысу тәсілдері мен түрлерін, сөйлем мүшелері мен сөйлемнің мағыналық, құрамдық түрлерін, пунктуациядан тыныс белгі, оның түрлеріне байланысты тапсырмалар ұсынылады.

5. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт:

Б1 бөлігі	бір дұрыс жауабы бар (1/5)	- 1,5 минут
Б2 бөлігі	бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б)	- 2 минут
Б3 бөлігі	жағдаяттық (бір дұрыс жауабы бар)	- 2 минут

Тестінің толық орындалу уақыты – 70 минут.

6. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 40 тест тапсырмасы.

7. Бағалау.

Бағалау кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

8. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» Алматы. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері» А., 2000ж
2. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы», Алматы, 2002ж
3. Балақаев М., «Қазіргі қазақ тілі», «Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі», Алматы, 2001ж
4. Балақаев М., Қордабаев» Құралас сөйлем синтаксисі»
5. Исаев С. «Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық ұғымдар», Алматы, «Ана тілі» 2003ж
6. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ., «Қазіргі қазақ тілі» А., 2001жыл
7. Қалиев Ғ, Оралбаева Н, Қасымова Б., Шалабаева Б, Төлегенов О., «Қазіргі қазақ тілі» А, 1997ж.
8. Қалиев Ғ, Оралбаева Н, Бейсембаева К, Хасанов С, Әбілқайев А, Шалабаева Б Қазіргі қазақ тілі курсы бойынша лабораториялық жұмыстар А, 1999
9. Қараев М. Қазақ тілі, А, 2006ж
10. Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі», А., 2004ж
11. Ысқақов А. «Қазіргі қазақ тілі», А. 2002 ж
12. С.Жиенбаев «Сөйлемнің тыныс белгілері» А, 1997ж
13. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. - Алматы: Зият –Пресс, 2006.
14. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. - Алматы: Зият-Пресс, 2006.
15. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. - Алматы, 2002.
16. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). - Алматы: Мектеп, 1991.
17. Бектұров Ш. Қазақ тілі. - Алматы: Атамұра, 2006.
18. Қараев Ғ. Қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1993
19. Сабыр М. Қазақ тілі. - Алматы, 2003.

ҰТО директоры

Р.Әлімқұлов